

**«Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін
мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**«Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы
білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-психологының 2022-2023 оқу
жылының жылдық есебі**

2022-2023 оқу жылы

«Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылында психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстарының жылдық есебі.

31.08.2022 жылы жылдық жоспар жасалып бекітілді. Оқу жылының басында психологиялық кабинет жаңа үлгіде жабдықталып, паспортталды.

Жаңа оқу жылының жылдықта атқарылатын жұмыстардың тақырыбымен, міндетімен, ережесімен таныстырылды.

Психологиялық қызметтің мақсаты–орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік–психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

-білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

-білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды. Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. «Графикалық диктант» әдістемесі, «Моншақ» әдістемесі, «Ер адамның суретін сал» «Қызыл-қара кесте» жаттығулары алынды. **«Жасөспірім және заң»** құқық бұзушылықтың әлімжеттіліктің алдын алу мақсатында мектеп инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды.

«Бестерек» жобасы аясында 5– 11 сынып оқушылары толық зерттеуден өтіп жалпы 17 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның ішінде оқушы, сары деңгейде 3 оқушы, жасыл деңгейде 5 оқушы анықталып, ары қарай «Бестерек» жобасының екінші кезеңінде сол оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізілді.

Әлеуметтік бағыт бойынша қалалық ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды.

«Үйден оқытылатын» оқушылар: 1 оқушы.

1. Мұса Рамазан Тәкенұлы 4ә-сынып

Қазан айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 5-сынып бойынша барлығы 11 – оқушы қатысты. Оқушылардың психологиялық ауызекі логикалық даму деңгейлері, қысқа мерзімді есте сақтау, «Социометрия» әдістемелері жүргізілді. Бұл әдістемелер оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша оқушылардың мектеп өміріне бейімделу деңгейлерінің көрсеткіші: даму деңгейлері жай, ауызекі логикалық дамуы мен қысқа мерзімді есте сақтау деңгейлері төмен оқушылар мен жеке жұмыстартылып жүргізіліп кеңестер берілді. Оқушылармен, класс жетекшілері, пән мұғалімдері, психологиялық қызмет

тарапынан түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. Бейімделу кезеңінің ұзақ мерзімді оқушыларына 2 оқушы, жалпы 5-сынып оқушылары мектеп жағдайына жақсы бейімделіп, жеке тұлғалық, интеллектуалдық даму деңгейлері бойынша жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен, ерекше назардағы оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын-алу бойынша жұмыс жүргізілді. Мектеп бойынша есепте тұрған және тәуекел топ, оқушылар, қолайсыз отбасы балаларының жеке тұлғасын зерттеу арқылы мінез – құлықтарына педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылды.

Сынып жетекшілер және ата –аналар арасында «**Буллинг**» дегеніміз не түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың әшкі эмоцияларын бақылау мақсатында тренингтер ойнатылды.

Қараша айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен “Өмір, қымбатсың маған” атты тренинг сабақ өткізілді. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бірі –бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру. Жан- жақтылыққа үйретіп, өздігінен еңбектенуге үйрету.

Диагностикалық бағыт бойынша 8-10 сынып оқушыларына “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Жоғары қауіп тобына жататын оқушыларды анықтау.

Тәрбие бағыты бойынша “Арыңды сақта бойжеткен” тақырыбында қыздар отырысы өткізілді. Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Кәсіби бағыт-бағдар жұмыстарына байланысты 9-сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт бағдар бойынша “Мамандық таңдау - өміріңнің бір бұрышын дұрыс қалау” тақырында тренинг сабақ өткізілді.



Желтоқсан айында диагностикалық бағыты бойынша 8-11 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында “Спилберг” әдістемесі арқылы тест жұмыстары алынып, оқушылардың мазасыздық ерекшеліктері зерттелді. Әдістеменің қорытындысы шығарылып, оқушылардың мазасыздық деңгейлері анықталды. «Спилберг» әдісі бойынша жоғары мазасыздық 2%, қанағаттанарлық 14 %, қалыпты 82% көрсеткіш көрсетті.

Тәрбие бағыты бойынша “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты Республикалық ақпараттық науқанға байланысты оқушылармен сенім телефонын, жәшігін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың зорлық-зомбылыққа қарсы немесе қосатын пікірлерін айту және мазалаған сұрақтарымен, сөйлеу мәнерінің жағдайын зерделеу және дамыту.

11 - сынып оқушыларымен “Сенім-менің серігім” тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Оқушылардың бір-біріне деген сенімді қарым-қатынас жасауы туралы түсініктерін кеңейту.

Ата-аналармен жұмыс	Оқушымен жұмыс	Ұжыммен жұмыс	Кибербулинг, булинг	Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс	Үйде оқитын оқушымен жұмыс
Жалпы ата-аналар 3рет, Сынып аралық 7рет Кеңес беру - 20	Топтық - 7рет Жеке кеңес 35рет	Жас мамандармен 2 рет Жалпы ұжыммен 2 рет	Ата – анамен 3 рет Оқушылармен 8 рет	4 оқушы Топтық жұмыс - 8, Жеке кеңес -56	8 рет жұмыс
«Ашық есік күні» ой бөлісіп, ұсыныс хаттар, Мектепшілік ата - аналар жиналысында «Ерте жүктіліктен сақтанайық»	«Нормандағы жаңбыр» тренинг, «Ұзын сызық» тренинг, Сергіту сәттері, ҰБТ – ға кеңес,	«Жас келсе іске» жас мамандарға кеңес, «Өзінді білгің келсе?» жобалық тест, «Көңіл күй кімге және неге» сергіту сәті	«Интернеттің зияны» пікір – талас, Әлімжеттіліктің	«Татулық-тәтті сый» мини – лекция, «Менің өз ойым» атты тақырыпта пікір – талас, «Кел сырласайық» жеке кеңес, «Үй, адам ағаш» әдістемесі, «Сауалнама» «Эссе» Жеке кеңес, топтық жұмыс,	«Мұнара» тренингі, «Ертегі» терапиясы, «Ғажайып бағбан» атты тақырыпта табиғат аясында сурет шығармашылығы

Қаңтар айында 7-8 сынып оқушыларына Айзенк әдістемесі бойынша оқушылардың темперамент типі анықталды. 9 – сынып оқушыларына арналған Д.Голлонд тест жұмысы алынды. Оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру, және қызығушылық қабілетін айқындау.

Оқушыларымен тестке дайындық барысында ”Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейірімнен нұрланған”, “Сенімділік күш береді” тақырыптарында психологиялық қолдау сабақтары жүргізілді.

Кәсіби бағыт-бағдарға байланысты «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.

Ақпан айында ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен “Мейірімділік – жылулық шуағы” атты психологиялық қолдау сабақ жүргізілді. Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту. Мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып “Мен сенімен біргемін” атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

6-7-8 сынып оқушыларымен “Жіптік курс” өткізілді. Жаттығудың өту процесіне қатысушылардың назарын толық аударуға үйрету, тек қана жеңіске жету жолдарын емес, сонымен қатар алға қойған мақсатқа жетуге үйрету.

Наурыз айында дарынды оқушылармен “Дарындылар елі” атты психологиялық тренинг өткізілді. Дарынды балаларға психологиялық көмек көрсетілді.

Сәуір айында ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың арасында “Ғажайып терапия” тақырыбында терапия жұмыстары жүргізілді.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастару және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша 8 класс оқушыларына суицидтің алдын-алу, “Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл” тақырыбында дәріс сабақ жүргізілді.

11 - сынып оқушыларына ҰБТ туралы кеңес жүргізілді, баяндама оқылды, “Бақыттың кілті байлықта емес” тақырыбында психологиялық тренинг сабақ жүргізілді. Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасалды. ҰБТ-ны тапсыру кезінде барынша толық өз мүмкіндігін іске асыру туралы кеңес берілді.

«Ұстаздың кәсіби іс –әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбында мектеп мұғалімдерімен психологиялық қолдау сабақ өткізілді. “Мұғалім мен оқушы арасындағы жағымды психологиялық ахуал туғызудың жолдары” тақырыбында дәріс оқылды.

Мамыр айында Мектеп инспекторымен бірігіп “Құқық бұзушылықтың алдын-алу” тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Мектеп алды даярлық сынып оқушыларының 1 сыныпқа дайындықтары зерттелінді. сынып жетекшілермен біріге отырып, оқушылардың оқу әрекетін түзету жұмыстары талқыланып, қорытындысы шығарылды.

Кәмелетке толмаған оқушылар арасында зорлық-зомбылыққа қарсы 1-11 сынып оқушыларынан «Зорлықсыз балалық шақ» атты тақырыпта анонимді сауалнама алынып, нәтижесі білім бөліміне мәліметі берілді.



11 сынып оқушыларымен “ҰБТ-да жетістікке жетейік” тақырыбында мектеп тұлғаларының өз күштерін тексеруге, өзін терең білуге көмектесу мақсатында психологиялық қолдау сабақ өткізілді.

Мектеп директоры

Қ.Дүйсенбеков

Педагог – психолог

С.Джусупова